

**Мәннән Тұрғанбаевтың еңбектері мен шығармашылығын зерттеу**

*Назарбекова Арай, КЕ22-09 2курс топ студенті*

«М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі», Семей қаласы

*Ғылыми жетекші: Жумагулова А. А.-қоғамдық пәндер оқытушысы*

**Тақырыптың өзектілігі:** Көрнекті Алаш қайраткері, ағартушы, журналист, сыншы, 1919-1924 жылдары «Қазақ тілі» газетінің редакторының орынбасары, Семейдің қазақ педтехникумының оқытушысы, ұстаз-ғалым Мәннан Тұрғанбаев қазақ халқының мұңын жоқтап, елін әлемдік өркениет қатарына шығаруға бар білімін, күш-жігерін жұмсаған. Мәннан Тұрғанбаев көрнекті қоғам қайраткерінің еңбектерін, шығармашылығын зерттеу, зерделеу, кейінгі ұрпаққа көрсету. Семейде шоғырланған алаш қайраткерлері арасындағы ірі тұлғаның бірі – Мәннан Тұрғанбаевтың дүниеге келгеніне 137 жыл толуда.

**Аннотация:** Семей топырағын басып, ағартушылықпен айналысқан тұлғалардың есімдері ардақталып, мәңгі өнегеге айналуы қажет. Алайда алғашқы осы газеттің негізін қалап, тұңғыш редакторы болған Мәннан Тұрғанбаев туралы монографиялық еңбектер мен деректер өте аз, сондықтан да ұлы ағартушымыз туралы еңбектерін оқып, дәріптеп, зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.

**Аннотация:** Имена людей, прикоснувшихся к земле Семипалатинска и занимавшихся образованием, должны чтиться и стать вечной моралью. Однако монографических работ и данных о Маненде Турганбаеве, который был основателем и первым редактором этой газеты, очень мало, поэтому важно читать, прославлять и исследовать труды нашего великого просветителя.

**Annotation.** The names of the people who touched the soil of Semipalatinsk and engaged in education should be honored and become an eternal moral. However, there are very few monographic works and data about Manend Turganbayev, who was the founder and first editor of this newspaper, so it is important to read, glorify and research the works of our great educator.

Семей – қазақтың, көк байрақты алты алаштың – рухани астанасы. Қазақ халқының тарихи, мәдени дамуында Семей қаласының атқаратын ролі орасан зор. Қаламызда ел тарихындағы мәдени-рухани орталықтардың алғаш іргетасы қаланып, білім беру мекмелерінің көптеп ашылуымен де ерекшеленеді. Тарихы тереңнен бастау алатын сондай беделді оқу орнының бірі әрі бірегейі – Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі. Еліміздің шығысындағы кәсіби білімнің қара шаңырағының іргетасы қаланғанына биыл 117 жыл. Әуелде мұғалімдер семинариясы, кейін педтехникум, училище атанған, бүгінде ұлы қаламгер есімін иеленген білім ошағының өзіндік тағылымды тарихы бар.

Қазақ педагогикалық техникумында көрнекті алаш қайраткері Халел Ғаббасов, педагог жазушы, драматург Тайыр Жомартбаев, ағартушы – журналист, педагог Мәннан Тұрғанбаев жемісті еңбек етті[1,9].

«Ұлағат» ұлттық тәрбие жүйесінің негізінде кіші ғылыми зерттеу орталығының бірі көрнекті Алаш қайраткері, ағартушы, журналист Мәннан Тұрғанбаевқа арналған.

Мәннан Тұрғанбаев 1886 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Абыралы болысының №2 ауылында дүниеге келген. Ол Кәмелиддин медресесін, кейіннен Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін, мұсылмандар мұғалімдер семинариясын бітірген. Ол түрік, парсы, араб және орыс тілдерін жетік білген. Мәннан Тұрғанбаев губерниялық халықтық сотының мүшесі, жергілікті «Қазақ тілі» газетінің (қазіргі «Семей таңы») тұңғыш редакторы, Алаш қаласындағы қазақ мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған. 1917-1919 жылдары Семейде қазақ мұғалімдерін даярлайтын екіжылдық педагогикалық курс-мектебі ұйымдастырылып, М. Тұрғанбаев меңгерушісі болып тағайындалады. 1919 жылы Орынбордағы «Ұшқын» газетінде редактор қызметін атқарады. Сол жылы «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы, тұңғыш шығарушысы болады. 1920 жылға дейін Жақып Ақбаевпен бірге халық соты кеңесінің мүшелігіне бекітіледі.

М. Тұрғанбаев пен М. Әуезовтің тығыз байланыстарын айғақтайтын тарихи құжаттар да бар. Алаш арыстары Семей педтехникумында бірі қазақ грамматикасынан, бірі әдебиет пен фольклордан дәріс оқыған. Осында М. Тұрғанбаевтан білім алып, тәрбие көрген шәкірттері: Әлкей Марғұлан, Мұсатай Ақынжанов, Төлеужан Мусин, Жүнісбек Нұрмағамбетов, Игембек Төлеутаев, т.б. елімізге танымал тұлғалар болатын.

1922 жылдан бастап халық соты төрағасының орынбасары, әрі қазақ ісі жөніндегі азаматтық бөлімнің меңгерушілік міндеттерін атқарады. 1926 жылдан Ә.Ермеков жетекшілік ететін Қарқаралы педучилищесінің оқу бөлімінде ұстаздық қызмет атқарған. 1928 жылы М.Тұрғанбаев Семейге қайта оралды. Облыстық соттың орынбасары, қалалық оқу бөлімінің инспекторы болады. 1930 жылдың 4 сәуірінде ОГПУ сот коллегиясының үкімімен М.Тұрғанбаев Семейде қамауға алынып, Қапал түрмесіне айдалады. 1932 жылы айыптары дәлелденбегендіктен түрмеден босатылады. 1932-1936 жылдар аралығында Алтай өлкесіндегі Ойрат автономиялық облысының Усть-Кант аймағы Тұрата ауылындағы жеті жылдық мектепте оқытушы болып жұмыс істеген. 1937 жылы сонау қиырдағы Ойраттан ел шетіне елеусіз ат арбамен ұзақ жол кешіп, Семейдің шетіндегі Қызыл-ауылға – туған топырағына оралады. Өкінішке орай «аңдыған жау алмай қоймайды». Қайтадан тұзаққа ілініп, НКВД-ның үкімімен жазаға кесіліп, сол жылы 20 тамызда жазықсыз атылады. Оның жарық көрген еңбектері: «Пайғамбар заманы», «Тіл құралы», «Есеп», «Этика» т.б.

Мәннан шығарған газет пен журналдар, жазылған мақалалары кеңестік кезде жарық көргенімен, заты алаштыкі екенін тарих тез дәлелдеді. Сол арқылы олар Алашқа мол қызмет қылды.

Мәннан Тұрғанбаев атындағы тарих дәрісханасын 2011 жылы қазанда белгілі меценат, «Ақшын» корпорациясы мен «Абыралы- Дегелең» қоғамдық қорының президенті Марат Серікжанұлы Құрманбаевтың демеушілігімен ашылды. Бүгінгі таңда дәрісханада ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Студенттерге ғылыми-шығармашылық жұмыстарға бағыттау бар. Бүгінгі таңда дәрісханада ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Биылғы жылы Мәннанға қатысты деректер жинақталып, брошюралар жасалып, кюаркодқа енгізілді. Яғни атаулы дәрісхана туралы ақпаратты осы арқылы көруге болады. Атаулы дәрісханаға «Алаш арыстары Мәннан Тұрғанбаев», «Қайран, Мәннан» атты еңбектердің авторы, Мәннан Тұрғанбаевты зерттеуші, белгілі жазушы, қоғам қайраткері **Сейітмұхамет Тәбәрікұлы** Мәннанға қатысты көптеген тың құжаттарды ұсынған болатын.

Сөздің түйініне келсек, ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының мұрағат деректерінен табылған құнды материалдар Мәннан Тұрғанбаевтың тарихи тұлғасын айқындай түседі. Мұрағаттағы құжаттар Мәннанның 1917 жылы Семей мен Алаш қаласындағы Қазақ педтехникумында мұғалімдік қызметте істегендігін айғақтап, оның Мұхтар Әуезов, Әбікей Сәтбаев сынды ұлы тұлғалармен қатар жүріп, бір салада қызметтес болғанын дәлелдейді. Көрнекті Алаш қайраткері, ағартушы, журналист, сыншы, 1919-1924 жылдары «Қазақ тілі» газетінің редакторының орынбасары, Семейдің қазақ педтехникумының оқытушысы, ұстаз-ғалым Мәннан Тұрғанбаев қазақ халқының мұңын жоқтап, елін әлемдік өркениет қатарына шығаруға бар білімін, күш-жігерін жұмсаған. Семей топырағын басып, ағартушылықпен айналысқан тұлғалардың есімдері ардақталып, мәңгі өнегеге айналуы қажет.

Алаш мұрасы, Алаш жәдігерлері, Алаш еңбектері... Бұл – талай іс-шаралар мен еңбектерге арқау болған және арқау бола беретін де тың тақырыптар. Мен тарихшы ұстаз ретінде болашақта осы игі бастамамды әрі қарай дамытып, толықтырып жалғай түсемін. Алаш қайраткері Мәннан білім алған оқу ордасынан әлі талай тарихты үңіле оқитын, әр деректің астын қопарып ізденетін жас зерттеушілер шығары анық. Осы жолда бар білгенімді үйретіп, бөлісуден жалықпаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Алаштың білім ордасы» // Ш.А.Жанаева, Т.К.Мұқанов, Семей 2013ж
2. Тәбәрікұлы С. Алаштың алтын көпірлері Семей, 2011 ж
3. Тәбәрікұлы С. «Қайран, Мәннан» - Алматы. Қағанат, 2002ж;
4. Дидар газеті// Алаштың бір арысы Мәннан еді... №23, 25 ақпан, 2017
5. «Мәннан Тұрғанбайұлы Тұрғанбаев» атындағы кіші ғылыми зерттеу орталығы